

Бөгетсай ауылдық округі Бөгетсай ауылының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округ әкімінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 шілдеде № 3-12-121 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 07.09.2015 № 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелері және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 07.09.2015 № 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы № 4200 Заңының 14 бабының 4 тармақшасына және 16 бабының 2 тармақшасына, Хромтау аудандық ономастика комиссиясының 2010 жылдың 11 маусымдағы шешіміне және Бөгетсай селосының тұрғындарының 2010 жылғы 10 сәуірдегі конференциясының хаттамасына сәйкес, Бөгетсай ауылдық округінің әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бөгетсай ауылдық округіне қарасты Бөгетсай елді мекеніндегі атауы жоқ № 2-14 көшелерге: - "Тұрар Рысқұлов атындағы көше", "Арғынбаев Өмірәлі атындағы көше", "Әйтеке би атындағы көше", "Бекбаев Сырлыбай атындағы көше", "Есет" батыр атындағы көше", "Әлия Молдағұлова атындағы көше", "Қуанышов Шаңғытбай атындағы көше", "Орынбаев Нұрат атындағы көше", "Ан Татьяна Васильевна атындағы көше", "Қаржауов Әкімәлі атындағы көше", "Байконеков Әлжан атындағы көше", "Бауыржан Момышұлы атындағы көше", "Адайбеков Елубай атындағы көше" деген атаулары берілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бөгетсай ауылдық округінің әкімінің м.у.а.:

К.Бултенов